


ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ ЯНВАРЬ-ИЮНЬ 2024



478,1
МЛРД ТГ



105,3%
ИФО

- прочая неорганика
- удобрения и азотосодер.вещества
- красители и пигменты
- промышленные газы
- пестициды и прочая агрохимия

\$734,2

МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 92,9%

Отп 7,1%

\$1 930,4

МЛН



РЫНОК



\$1 793,2

МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-май 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛН. ТЕНГЕ

2024 жылғы қаңтар-маусымдағы химия өнеркәсібі

ҚР СЖРА ҰСБ жедел деректеріне сәйкес, **2024 жылғы қаңтар-маусымда өндіріс көлемі** құндық мәнде **478,1 млрд. теңгені** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңдегі көрсеткішпен салыстырғанда **4,2%-ға** төмен.

Химиялық өнімдер өндірісінде негізгі үлесті өзге бейорганикалық заттар – 44,0%, тыңайтқыштар мен құрамында азот бар заттар – 13,5%, бояғыштар мен пигменттер – 5,9%, өнеркәсіптік газдар – 5,1%, пестицидтер және өзге де агрохимия – 3,7%, өзге де негізгі органикалық заттар – 3,6%, бастапқы нысандардағы пластмассалар – 12,8%, ЛБМ – 3,4%, тұрмыстық химия – 2,2% алады.

Нақты көлем индексі **105,3%** құрады. Өсудің негізгі себебі негізінен химия және сабақтас өнеркәсіп салаларында (*ТМК, сусындар өндірісі, құрылыс және т.б.*) тұтынушылық сұраныстың өсуі болып табылады. **Өндіріс көлемінің заттай мәндегі ең үлкен өсімін** мынадай тауарлар көрсетеді: хром оксиді (+18,4%), моногидраттағы күкірт қышқылы (+11,2%), тұз қышқылы (+15,7%), фосфор (+18,7%), фосфор тыңайтқыштары (+104,6%), цементтерге, құрылыс немесе бетон ерітінділеріне арналған қоспалар (+20,5%), бастапқы нысандағы полиуретандар (+12,3%).

Химиялық өнімдер **экспорты** 2024 жылғы қаңтар-мамырда құны бойынша **734,2 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 1,9%-ға төмен. Экспорттың негізгі елдері: **Ресей (26,7%), Қытай (19,2%), Марокко (5,0%)**.

Химия өнеркәсібі өнімдерінің **импорты** 2024 жылғы қаңтар-мамырда **1 793,2 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен 16,3%-ға төмен. Негізгі импорттаушы елдер: **Ресей (40,3%), Қытай (15,7%), Германия (5,9%)**.

Химиялық өнім түрлері **нарығының көлемі** 2024 жылғы қаңтар-мамырда **1 930,4 млн. АҚШ долларын (864,6 млрд. теңге)** құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 16,6%-ға төмен. Нарық көлемінің төмендеуі өндіріс көлемінің (-5,5%) және импорттың (-16,3%), сондай-ақ экспорттың (-1,9%) қысқаруымен байланысты. Бұл ретте талданып отырған кезең ішінде ұлттық валюта бағамының (+1%) нығаюын атап өткен жөн. **ОТӨ үлесі** 0,4 п.т. төмендеп, **7,1%** құрады. Импорттық өнімнің үлесі 92,9% құрады.

2024 жылғы қаңтар-маусым айларында химиялық өнім түрлерінің ең көп өндіру көлемі мынадай **облыстарда** байқалады: Жамбыл (25,7%), ШҚО (20,1%), Қарағанды (9,7%), Ақтөбе (8,3%), Павлодар (6,5%), Ақмола (6,3%), Маңғыстау (5,3%).